

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

23. Рябцев В.М., Чудилин Г.И., Лаврентьева Т.М., Зарова Е.В. Региональная статистика. М.: МИД, 2001. 380 с.
24. Иванов П. А. Оценка вклада сектора домашних хозяйств в социально-экономическое развитие территорий различной стадияльной принадлежности // *Ars Administrandi* (Искусство управления). 2020. Т. 12, № 2. С. 270–290.
25. Красильников О.Ю. Взаимосвязь структурных сдвигов и экономического развития России // *Изв. Саратов. ун-та Нов. сер. Сер. Экономика. Управление. Право*. 2017. №2.

АЙМАҚТЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Нуралдинова М.А., Асқар А., Қалмұратова Ж.С.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

mnuraldinova@mail.ru

Қазіргі жағдайда ұлттық экономикада сыртқы экономикалық қызметке, атап айтқанда экспортқа ерекше көңіл бөлінеді. Бұл сыртқы нарықтарға қол жеткізу жөніндегі кедергілерді еңсеру мақсатында экспорт саласында мемлекет тарапынан жүйелі және ауқымды қолдаудан көрінеді. Қазақстанда экспортты мемлекеттік қолдау сыртқы экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Экспорттық өнімді ілгерілету және экспорт көлемін ұлғайту үшін қазіргі заманғы жағдайларда елде экспорттаушылар үшін қолайлы ахуал жасаудан бастап жоғары технологиялық экспорттық өндірісті дамыту үшін ынталандыру шараларына дейінгі бірқатар шаралар мен құралдар пайдаланылады. Экспорттық әлеуетті дамытудың арқасында мемлекет қаржы ағындарын ұлғайтуда және осылайша ел экономикасының тұрақты дамуына қол жеткізеді.

Экспорттық әлеуетті дамыту мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің қажетті элементі болып табылады, оның тиімділігі елдің экономикалық дамуының тұрақтылығын анықтайды. Экспорттық әлеуетті қалыптастыру процесі аймақтық саясатты әзірлеу кезеңдерімен сәйкес келді, сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру экономиканы басқарудың нарықтық тұжырымдамасын іске асыру және аймақтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің дербестігін арттыру процестерімен қатар жүрді. Дамудың қазіргі кезеңінде аймақтық қайта құрулар сыртқы нарықтарға дәстүрлі, сондай-ақ мүлдем жаңа экспорттық тауарларды белсенді түрде өсіруге және дамытуға бағытталған. Тиісті теңгерілген мемлекеттік саясат пен қолдау экспорттық әлеуетті дамытуды ынталандырады, халықаралық нарықтарға шығудағы кедергілерді еңсеруге мүмкіндік береді, сол арқылы саяси, трансферттік және сыртқы сауда тәуекелдерін азайтуға көмектеседі. Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында

тиімділік шараларын күшейтуді және экспорттаушыларды қолдау бойынша қолдау шараларының құралдар жинағын кеңейтуді тапсырды [1].

Қазақстанның ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптің дайын өнімдерінің экспортын дамытуда үлкен әлеуеті бар. Елбасы 2025 жылға қарай шикізаттық емес экспорт үлесін екі есеге арттыру міндетін қойды. Қазақстан экономикасының дамуы үшін экономикадағы сапалық және құрылымдық өзгерістер және оның шикізатқа тәуелділіктен шығуы, өңдеуші өнеркәсіптің, жоғары технологиялық өндірістердің үлесін арттыру және дайын өнім экспортын кеңейту қажет.

Өнімдер мен кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі Шығыс Қазақстан облысы (ШҚО) үшін шикізатты, ресурстарды, технологияларды, дайын өнімдер мен қызметтерді тартудың, пайдаланудың және өткізудің анағұрлым тиімді артықшылықтарын аша отырып, өңірлік экспорттық әлеуетті қалыптастыратын негіз болып табылады.

Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру үшін ұзақ мерзімді негізде инновациялық индустрияландыруға бағытталатын орасан зор қаржы ресурстары қажет. Жаңа жаһандық шындық пен 2020 жылғы дағдарыс қазақстандық банктердің қаржылық мүмкіндіктерінің төмендегенін көрсетті. Қаржы нарығында банк жүйесі басым, ал қазақстандық қор нарығының құралдары материалдық өндірісті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету үшін толық күшінде жұмыс істемейді. Сауда ұйымының бағалауы бойынша жаһандық тауар саудасы 2020 жылы 32%-дан 13%-ға дейін күрт төмендеуі керек еді. ЖІӨ өсіміндегі болжамды жаһандық шығын қазіргі уақытта шамамен 5% құрайды. 2020 жылғы COVID -19 халықаралық саудадағы пандемия кезіндегі сауда үрдістері есебіне сәйкес, халықаралық саудадағы құлдыраудың ең жоғары қарқыны 2020 жылдың сәуірінен маусымына дейін байқалды: өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға төмендеу. Жалпы, 2020 жылы халықаралық сауда көлемі 8%-ға қысқарды, оның басты себебі – COVID-19 пандемиясы [3].

Бұл жағдайда Қазақстанда экспортты мемлекеттік қолдау сыртқы экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстанда шикізаттық емес тауарлар экспортын дамыту және ілгерілету шаралары белсенді түрде әзірленуде. 2017 жылы Қазақстан Республикасында 2018-2022 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының Ұлттық экспорттық стратегиясы» негізгі құжаты қабылданды. Осы стратегияның мақсатты міндеттеріне сәйкес, 2025 жылға қарай елден тауар экспортының көлемі 2025 жылға қарай екі есе, 2040 жылға қарай үш есе өсу қарқынын көрсетуі тиіс. Бағдарлама Қазақстан үшін ерекше қызығушылық тудыратын өткізу нарықтарын анықтайды, экспортты ынталандыру шараларын қарастырады, тауар экспорты көлеміндегі позициялардың өсуіне және кеңеюіне ерекше назар аударады. Бұл инвестиция мен жаңа технологияларды қажет етеді. Бағдарламаның мақсаттары маркетинг құрамдас бөлігін қамтамасыз етуді қамтиды, атап айтқанда, «ел брендин білу және корпоративтік брендтерді дамытуға жәрдемдесу». Жоғарыда айтылғандардың барлығы өндірісті

әртараптандыруға және Қазақстан экономикасының көрсеткіштерінің өсуіне ықпал етеді.

Тауар экспортының көлемін ұлғайту және оны мемлекет тарапынан ынталандыру мәселесін шешу үшін технологиялық – жоғары технологиялар мен инновацияларды ынталандыруды қамтамасыз етуден бастап экспорттың тауар өндірушілері үшін тиісті жағдайлар жасауға ұйымдастырушылық –сипаттағы шаралар қарастырылған.

Мемлекет тарапынан экспортты қолдау шараларына қарамастан, қазақстандық экспорт құрылымындағы шикізаттың үлесі өңделген тауарлардың үлесінен асып түседі. Қазақстан 80-ге жуық дайын өнімді экспорттаса, Ресей сияқты көршілес елдер – 360, Беларусь – 700-ге жуық, Қытай – 1400. Талдау көрсеткендей, 2019 жылы Қазақстанның өңделген тауар айналымының көлемі 97 774,9 млн. долларды құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 7,9%-ға жоғары. Оның ішінде экспорт үлесі 13,8 млрд долларды құрайды (1-кесте).

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы, млн.АҚШ доллары

| Көрсеткіштер | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020* |
|--|-----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|
| Сыртқы сауда айналымы, млн АҚШ доллары | 120,755.3 | 76,523.5 | 62,113.6 | 78,102.9 | 94,769.7 | 97,774.9 | 85,031.1 |
| Өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны | 90.4 | 63.4 | 81.2 | 125.7 | 121.3 | 103.2 | 87.0 |
| Өткен жылмен салыстырғанда экспорт, % | 93.8 | 57.8 | 79.9 | 132.0 | 126.0 | 95.0 | 80.9 |
| Өткен жылмен салыстырғанда импорт, % | 84.6 | 74.0 | 83.0 | 116.6 | 113.7 | 118.0 | 95.9 |
| Ескерту - [2] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды | | | | | | | |

2020 жылдың соңындағы Қазақстан Республикасының негізгі сауда серіктестері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Қазақстанның 2020 жылғы негізгі сауда серіктестері

| Мемлекет | ҚР тауар айналымындағы үлесі, % | Өзара сауда көлемі, млрд. доллар |
|--|---------------------------------|----------------------------------|
| Ресей | 20 | 11,1 |
| Қытай | 17,8 | 9,9 |
| Италия | 9,4 | 5,3 |
| Корея | 7,9 | 4,4 |
| Нидерланды | 4,0 | 2,2 |
| Ескерту - [2] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды | | |

2020 жылы өзара сауданың ең үлкен көлемі екі елдің үлесіне тиді: Ресей (20%) және Қытай (17,8%).

Қазақстан 2020 жылы ЕАЭО серіктес мемлекеттеріне металл прокат, руда және уран сияқты тауарларды экспорттады; үшінші елдерге: мұнай, мыс, табиғи газ, феррокорытпалар, уран. Қазақстан үшінші елдерден тоңазытқыш жабдықтар, сорғылар, дәрі-дәрмек, арматура, телефон және т.б. импорттады.

2019 және 2020 жылдардағы Қазақстанның негізгі серіктестерімен сауданың талдауы 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Қазақстанның негізгі серіктестермен саудасы

| Мемлекет | Тауар айналымы, млн.долл | | | Экспорт | | | Импорт | | |
|--|--------------------------|------|---------|---------|------|---------|--------|------|---------|
| | 2019 | 2020 | Өзгеріс | 2019 | 2020 | Өзгеріс | 2019 | 2020 | Өзгеріс |
| Еуроодақ | 30,4 | 23,6 | -22,3 | 24,2 | 17,7 | -27,0 | 6,2 | 6,0 | -4,1 |
| Қытай | 14,8 | 15,4 | +4,0 | 8,0 | 9,0 | +12,5 | 6,8 | 6,4 | -5,9 |
| Ресей | 20,0 | 18,2 | -8,9 | 5,7 | 4,9 | -13,6 | 14,3 | 13,3 | -7,1 |
| Турция | 3,2 | 3,1 | -5,1 | 2,4 | 2,1 | -11,9 | 0,8 | 0,9 | +15,0 |
| Өзбекстан | 3,4 | 2,9 | -14,6 | 2,0 | 2,1 | +6,9 | 1,4 | 0,8 | -44,8 |
| Оңтүстік Корея | 6,5 | 5,9 | -10,0 | 3,1 | 1,0 | -67,4 | 3,5 | 4,9 | +41,1 |
| Ескерту - [2] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды | | | | | | | | | |

Мәліметтерді талдау көрсеткендей, тауар айналымының оң серпіні (қазақстандық тауарларға сұраныс) Қытаймен (металлдарға сұраныстың жоғары болуына байланысты) және Өзбекстанмен (бидай экспортының 2,6 есе артуы есебінен) сақталды. Импортқа келетін болсақ, оң динамика Оңтүстік Кореяда (инвестициялық тауарлар) және Түркияда (медициналық тауарлар) ғана жалғасты. Айта кету керек, Қазақстанның Ресеймен және Еуропалық Одақпен саудасында барлық көрсеткіштер төмен болды.

Экспорт көлемінің төмендеуінің негізгі себептеріне келесі факторларды да жатқызуға болады:

- бағаның ауытқуы және шикізатқа сұраныстың төмендеуі;
- дәстүрлі негізгі экспорттық тауарларды сатудың төмендеуі;
- шикізатты өндіруде, өңдеуде және тасымалдауда инновациялық технологиялардың болмауы;
- жаңа өткізу нарықтарын игере алмау.

Айта кету керек, аймақтағы кәсіпорындардың көпшілігінде тұтас маркетингтік стратегия жоқ. Отандық өндірушілер өндіруді үйренді, бірақ сатуды әлі үйренген жоқ. Заманауи жағдайларда саудадағы маркетинг өте маңызды рөл атқарады: қаптаманың сапасы, оның пішіні және түс диапазоны - мұның бәрі сатып алушыларды тартады. Сондықтан отандық өндірушілер ең тартымды маркетингтік шешімдердің нұсқаларын іздеп, сатып алу мәдениетінің ерекшеліктерін ескеруі керек. Күшті брендтерді құру аймақтың экспорттық өнімдерінің сыртқы нарықтардағы позициясын ілгерілетуге және бекітуге көмектесетін маркетингтік шешім болуы мүмкін.

Жаһандану, әлемдік дағдарыстар, жаһандық цифрлық кеңістік және басқа да оң және теріс сипаттағы факторлар Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысының экспорттық әлеуетінің барлық құрамдас бөліктеріне, экспорттық қызметтің динамикасына айтарлықтай әсер етті, бұл мемлекеттік қолдаудың жекелеген әдістері мен құралдарын жедел жақсартуды қажет етті. Шығыс Қазақстан облысының экспорттық әлеуетін одан әрі дамыту – бұл өңдеу деңгейі жоғары өнімдер, инновациялық тауарлар мен қызметтерді өндіру мен экспорттауға, олардың өндірісін ынталандыруға, сауда арналарын дамытуға бағытталған шаралардың тұтас кешені.

Алдағы уақытта Шығыс Қазақстан облысы экспортының тауарлық құрылымын айқындайтын факторларды жинақтап көрейік. Бір жағынан, бұл жақын болашақта өзгеруі қиын статикалық факторлар: географиялық орналасу, табиғи ресурстар, қалыптасқан байланыстар, аймақтық артықшылықтар және т.б. Екінші жағынан, динамикалық факторлардың әсері артып келеді: инновациялар, жоғары технологиялар, салаларды цифрландыру, маркетинг құралдары [4]. Шығыс Қазақстан облысының экспорттық әлеуетін іске асырудың барлық факторлары тартылған жағдайда кәсіпорындардың тек облыста ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілігінің өсуі қамтамасыз етіледі. Өз кезегінде экспорттың өсуі облыс экономикасын ынталандырып, әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандырады. Шығыс Қазақстан облысында сауда және халықаралық интеграция арқылы дамуды кеңейту және тереңдету үшін өзінің бай ресурстық базасын пайдалануға барлық жағдай бар.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректер базасы stat.gov.kz
3. Key statistics and trends trade trends under the Covid-19 pandemic // 2021, United Nations All rights reserved worldwide https://unctad.org/system/files/official-document/ditctab2020d4_en.pdf.
4. Мазилев Е.А. Экспортный потенциал малых и средних предприятий. // Проблемы развития территории. Выпуск (78), 2015. -С.26-35.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ

Нурпеисова А., Улгасбаева А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ainura.n.04@mail.ru, ulgasbaeva04@mail.ru